*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

18 қазан сенбі
№79 (2191)
2025 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*

**Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қызылорданың астаналық кезеңі: тарих пен тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Қайрат Тастекеев, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазақстанның Еңбек Ері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик, Ұлттық құрылтай мүшесі Асқар Жұмаділдаев, өнертанушы, Қазақстан Суретшілер, Кинематографистер одағының мүшесі Сәуле Қожықова, мемлекет және қоғам қайраткері Болатбек Қуандықов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, академик Берекет Кәрібаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев, саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Хулия Касапоглу Ченгел, аталған университет докторанты Фулия Акман, жазушы, публицист, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты

# ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА: ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ АЛҒАН КҮН

Бейбіт Қойшыбаев, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Қайырбек Кемеңгер, Абай облысынан келген делегация және аймақтың зиялы қауым өкілдері, қала, аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары, саяси партия төрағалары мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары қатысты.

Аймақ басшысы Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына, ұлт атауының қайтарылғанына 100 жыл толу мерейтойымен құттықтап, өңір бүгінгі мерекеге толайым табыстармен, жарқын жетістіктермен жеткенін айтты.

– Қасиетті Сыр өңірі – астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын діңгегі. Ежелгі Сақ заманындағы Шірік Рабат, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Ақ Орда мен Қазақ хандығының астанасы Сығанақ қаласы, Қазақ автономиялық кеңестік республикасының астанасы Қызылорда – соның айқын дәлелі.

Тарихына үңілсең ғасырлардан сыр тартатын, бүгінін бағамдасаң келешегінің кемелдігін аңғартатын «Сыр – Алаштың анасы» деген даналық сөз баршамызға жақсы таныс. Қилы замандарда, зұлматқа толы күндерде, ақтабан шұбырынды кезеңінде, ел ішін ашаршылық жайлағанда бүкіл қазақ баласы көш-керуенінің басын Сырға бұрып, Сырды анасындай паналаған. Бұл өлкенің қазақ үшін орны да, жөні де бөлек.

Өздеріңізге белгілі, Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс», – деген болатын. Президентіміздің Ұлттық құрылтайдың келесі V отырысын Қызылордада өткізу туралы шешімін барша сырбойылықтар зор қуанышпен қабылдап, ризашылық білдіруде.

Астана болған Қызылорда мен бүгінгі жаңарған Қызылорда арадағы жүз жылда бірнеше тарихи кезеңнен өтті. Оның куәгерлері, ұлт мүддесі жолында аймағымыздың дамуына еселі еңбек сіңірген ардақты ағаларымыз ортамызда.

Мереке қарсаңында Қызылорданың кейінгі 100 жылдық тарихына арналған кітап жарық көрді. Өңіріміздің кешегісі мен бүгінінен сыр шертетін деректі фильмдер түсіріліп, көрерменге ұсынылды. Негізгі мақсатымыз – жас ұрпаққа аға буынның жасампаз істерін үлгі-өнеге ету, архивтің алтын қорын толықтыру.

Бүгінде Мемлекет басшымыздың бастамасымен Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру жолында Сыр халқы бекем бірліктің үлгісін танытып, еңбек етуде. Өңіріміздің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етілген, республикада алдыңғы қатардамыз. Биыл жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асады. Соңғы үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңге инвестиция тартылды.

Қаламыздың астана болған 100 жылдық мерейтойына сый ретінде әлеуметтік нысандар бой көтеріп, саябақтар мен аллеялар қайта жаңғыртылуда. Еліміздің болашағы балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыруда жаңа жобалар мен тың бастамалар жүзеге асты.

Мемлекет басшымыздың «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасын қолдаған кәсіпкер-меценаттар, қоғамдық қорлар Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосып келеді. Демеушілер 55 млрд теңгеден астам қаржыны жаңа жобаларға салды.

Тарих тоғысында болашақтың негізі қаланған мекен – ару Қызылорданың келешегі кемел болғай! – деді аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Жиында Ақмешіттің астана болған кезеңі, ұлт атауының қайтарылуы, Ақмешіттің Қызылорда болып өзгеруі, басқа да маңызды тарихи шешімдер қабылдаудағы ұлт зиялыларының еңбегі және тарихи оқиғалар туралы Сәуле Қожықова, Наурызбай Байқадамов, Берекет Кәрібаев, Бейбіт Қойшыбаев, Хулия Касапоглу Ченгел, Қайырбек Кемеңгер, Болатбек Қуандықов баяндама жасады. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев облыстық мемлекеттік архивте сақталған ұлт зиялыларының қолтаңбасы қалған құжаттар туралы айтты.

Облыс әкімі барша сырбойылықтар атынан Алаш арысы, ағартушы-ғалым, жерлесіміз, «Қызылорда» атауын ұсынған Қоңырқожа Қожықовтың немересі Сәуле Құлахметқызына шапан жауып, құрмет көрсетті.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

# ӨРКЕНИЕТКЕ ҰМТЫЛҒАН ҚАЛА














***«Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қамына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын»...***

Бұл – алаш қайраткері Сұлтанбек Қожановтың сөзі. Белгілі ғалым Амантай Шәріптің «Қожанұлының Қызылордасы» атты мақаласында бұл туралы кеңінен айтылады. Мақаладан үзінді келтірсек: «Сталин «Орта Азияның Шыңғысханы» деп лақап таққан Сұлтанбек Қожанұлы әуелде Ташкент үшін тартысты. Көрнекті ғалым, жерлесіміз Әуелбек Қоңыратбаевтың естелігіне сүйенсек: «Бұл – 1924 жылғы енші Ташкент маңындағы 40 мың үйлі қазақтар Халық Комиссарлар Кеңесіне 2 мың атты адам жолдап, Ташкент қазақтарда қалсын деп тілек айтқан кез». Алайда ұзақ талас-тәжікеден соң, көкпарға түскен кент РК(б)П ОК-нің шешімімен 1924 жылдың қарашасында біржолата өзбек ағайынның қанжығасына байланды. Қазақ ішінде астана төңірегіндегі айтыс қайта өршіп, үміткер қалалар қатарында Ақтөбе, Ақмола, Ақмешіт, Әулиеата, Семей, Шымкент аталды. Тағы бір тарихи қызық факт мынау: РКП(б) Қазобкомы атқару бюросы 1924 жылғы 8 шілдеде және 14 қыркүйекте, ал тағы бір билік бұтағы – ҚазОАК-і сол жылғы 29 қыркүйекте Қазақстанның орталығын Шымкент қаласына көшіру туралы қаулы шығарған еді. Бірақ бұл үш шешім де орындалмаған. Сол сәтте мәселенің тоқетер төрелігін, қисынды қорытпасын жаңадан жасақталған Қазақ өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі қызмет) Сұлтанбек Қожанұлы айтты», – деп жазады. «Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын» деген Сұлтанбек Қожанұлы не үшін Ақмешітті таңдады деген сұраққа ғалым мақаласында нақты деректер келтірілген.

«Мемлекет астананың жұртшылығына сүйеніп жұмыс істемесе, бас хүкіметтің ісі оңбайды. Олай қылайын десе, Қазақстан хүкіметінің аз ғана күш, азын-аулақ дәулеті Орынбор губерниясынан артылмайды» (Ақ жол. 12.11.1924) деп тұжырымдаған қайраткерді қазақтың кіндік қаласының шалғай шетте орналасуы қанағаттандырмағаны өз алдына, Орынборды ол Ресей империясы Шығысқа ашылатын қақпа ретінде іргесін қалаған «отар қоныс» деп сипаттады. Өз ұстанымын бүкпесіз білдіре отырып: «Қайда болса да Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын. Киіз үйге орнаса да қалың қазақтың ортасы болсын», – деп жазды (Ақ жол. 28.01.1925).

Сұлтанбек Қожанұлы бастапқыда: «Ауылжақтықты қоздырып, әркім өзіне тартып өшігіп, ақырында қиысып келісе алмағандықтан, жүк ескі орнында қалып жүрмесін. Ортаға қойылған мәселе Қазақстанның жалпы астанасы екені ұмытылмасын», – деп алаңдаушылық білдірсе (Ақ жол. 23.12.1924), кейінірек «Қазақстан кіндігі қай қала болсын?» атты мақаласында: «Аты аталып жүрген Ақмешіт қаласы түстігі – Қарақалпақ облысы мен Сырдария губерниясы, күншығысы – Жетісу, теріс түстігі – Ақмола мен Торғай, күнбатысы – Ақтөбе мен Орал болып, үлкен жолдың үстінде тұрған ыңғайлы қала. Қазақ ұлт мемлекетін жасау ісін аяқтағанша, Ақмешіт үлкен қала болып кететіні анық», – деді (Ақ жол. 28.01.1925).

2-БЕТТЕ

# ЕРЕН ЕҢБЕК ТӨРГЕ ШЫҚҚАН КҮН

**«Қос тойың қабат келсін» дегендей, кешелі бері Сыр өңірінде дүбірлі мереке өтуде. Қала күні мерекесінің биылғы мәні де мазмұны да бөлек. Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына ғасыр толуымен тұспа-тұс келген мерейлі күн де диқандар қауымы да ала жаздайғы еңбегінің нәтижесін көрсетіп, елмен бірге алтын күз мерекесін тойлауда. Кеше облыс орталығындағы Өнер орталығына еңбек адамдары жиналды. Жаздың аптапты ыстығына да, көз аштырмас дауылды күнге де шағым айтпай, күн астында кетпен арқалап, Жер-анадан несібесін терген диқанға құрмет көрсеткен күн! Диқанның жүзі қуаныштан бал-бұл жанған мерекеде күн де сәулесін төге түсті. Ерен еңбек иесінің ерлігіне табиғат та бас игендей.**

Биылғы күз нәтижесі сырбойылық диқандар үшін жемісті болды. Су тапшылығына қарамастан, жаңа технологияны игеріп, су үнемдеуге бейімделген Сыр диқандары биыл да Сыр күрішінен тау тұрғызды. Еңбекпен өскен елдің еңсесі тік, жүзі жарқын. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Өнер орталығында «Алтын күз-2025» салтанатты шарасы өтті. Оған Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығында атқарылған жұмыстарға, агросаланың алдағы бағыт-бағдарына тоқталып, қамбаны толтырып, береке мен бірліктің үлгісін көрсеткен диқандарды құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек адамдарын дәріптеу – біздің басты мақсатымыздың бірі! Сыр елінің даңқын асқақтатқан дала академигі Ыбырай Жақаев бастаған 102 Социалистік Еңбек Ерінің және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның Еңбек Ерлерінің жетістіктері аңызға айналды. Саналы ғұмырында туған жеріміз үшін аянбай еңбек еткен ардақты ардагер ағаларымыз бүгін ортамызда. Облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін Сіздерге барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды білдіремін. Ел үшін жасаған ерен еңбектеріңіздің жемісін, бейнеттеріңіздің зейнетін көріңіздер!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекелік шарада Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталды. «Жан Арай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Бақдәулет Махашовқа «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы берілді. Ол басқаратын серіктестік тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіру, күріш өңдеу зауыттарын іске қосқан, өнімдерін экспортқа шығарады. Өткен жылы 4 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасын ашып, 100-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Сонымен қатар еңбек адамдары мен сала үздіктеріне «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медальдары, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаттары берілді.

**Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ**



**Кешегі кеште қалалықтар жаңа стадионға қарай асықты. Себебі белгілі. Қала күні мерекесі жаңа стадионда өнер жұлдыздарының гала-концертімен түйінделмек. 11 мың орынға арналған стадионда иін тірескен халық, тайлы-тұяғы қалмай мерекелік кешті тамашалауға келген қала тұрғындары.**

# Жарқырай бер, ҚЫЗЫЛОРДА!



Мәні де, мазмұны да бөлек қала күні мерекесі кеше күні бойы түрлі іс-шараға толы болды. Өндіріс орындарының ашылуы, ғылыми-танымдық конференция, алтын күз мерекесіне арналған салтанатты жиынның әсері жұртшылықты бір серпілтіп тастады. Ал стадиондағы мерекелік кештің орны бөлек екені даусыз. Айта кетелік, қала тойына алыстан ат терлетіп келген қонақтар аз емес. «Сырт көз-сыншы» дегендей, қадірменді қонақтар жаңа кейіпке енген Сырдың бас шаһарының бүгінгі келбетіне оң бағасын беруде.

4-БЕТТЕ

# Алаштың астанасы, өркениетке ұмтылған қала

Басы 1-бетте

1925 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру жөнінде қаулы қабылдады. Сұлтанбек Қожанұлы «Лениншіл жас» журналының сол жылғы 1-2 санында «Ақмешітті неге орталық қылып сайладық?» деген сауалға жан-жақты жауап қайтарды. Қаланың орналасқан жерінің экономикалық байланысқа қолайлы екенін, табиғи байлық көздеріне таяу тұрғанын, Сырдария өзенінің егіншілікті өркендетуге мол мүмкіншілік беретінін, ең бастысы – шаһар халқының тоқсан пайызын қазақтар құрайтынын тілге тиек етіп, көші-қон жұмыстарын кешеуілдетпеуге шақырды. Ол БК(б)П Қазөлкекомының орталықты Орынбордан Ақмешітке көшіру бойынша іс-шараларды әзірлеу жөніндегі комиссиясын басқарып, мәжілістеріне төрағалық етті және хаттамаларына қол қойып отырды. Осылайша, сайын сахарада ат жалы, түйе қомында күн кешіп үйренген қазақ қоныс жаңалаудың бұрын болмаған таңсық түрі – астана көшіне қамданды».

Қызылорда астана болған жылдары Сыр топырағына көшіп келіп, ұлтқа қызмет етуді мақсат еткен алаш зиялыларының адал ниетіне бұл қасиетті мекен аянбай еңбек етуге, ақын-жазушылар үшін алаңсыз шығармашылықпен айналысуға қолайлы болған. Қазақылықтың мекені, Алаштың анасы атанған Қызылорда ел астанасы ғана емес, қазақ өнері мен ғылым-білімінің негізі қаланған, алаш зиялыларының панасы, рухани ордасы болған қала туралы бұған дейін де жазылды, жазыла да бермек. Ендігі кезекте алғашқы астана болғанына ғасыр толған мерейлі жылда Сырдың бас қаласы қалай өзгеріп, нендей жетістікке жеткеніне тоқталайық.

Сынаптай зырғыған уақыт өлшемі кешегі мен бүгінгіні салыстыруға келмейтінін байқатады. Кейінгі жылдары Сырдың бас шаһарындағы қарқынды даму уақыт көшінен қалмай, өркениетке ұмтылған тынымсыз тірлік нәтижесі сезіледі. Бүгінде қалалықтардың да қала туралы көзқарасы өзгерген. Бұрынғыдай «біздің қалада мұндай мүмкіндік жоқ, бізде қайдан болсын?» деген секілді қасаң пікірлер айтыла бермейді. Күн сайын өзгерген, өсе түскен қала дамуында атап айтар жетістік аз емес.

Сырдың бас қаласының инвестиция тартуға мүмкіндігі мол деуге болады. Сандарды сөйлетсек, Қызылорда қаласында алдағы бесжылдықта 632,3 млрд теңгенің құрайтын 32 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 5,5 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланған. Атап айтқанда, сол жағалауда жалпы құны 1,5 млрд теңгені құрайтын екі шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылуда. «Тұмар» ЖК мен «Техостнастка-Ремсервис» ЖШС базасында азық-түлік, кондитерлік, сүт өнімдерінің өндірісін жолға қою жоспарланған. 3,8 млрд теңгеге кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін «Қызылорда-нан» ЖШС кешені салынып, іске қосылды. «Rem Plast Invest» ЖШС жылына 5,4 мың тонна қағаз өнімін шығаратын зауыт құрылысы жүруде. Сонымен қатар құны 34,5 млрд теңге болатын Оңтүстік Корея технологиясына негізделген қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және өңдеу зауытының құрылысы басталды. Сондай-ақ 5 млрд теңге қаражатқа салынған «Қызылорда Саз-М» кірпіш зауыты іске қосылып алғашқы өнімін шығарды.



Зауыт жылына 90 млн тонна кірпіш өндіреді, 70 адам жұмыспен қамтылды. Ірі жобалар қатарында «Seven Rivers Bottlers» ЖШС-нің 30,4 млрд теңгеге шыны ыдыс шығаратын зауыты бар. Тағы бір маңызды жоба – испаниялық Roca Group компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық жабдықтар шығаратын зауыт. Инвестиция көлемі – 70 млн еуро, 300 жаңа жұмыс орны ашылады.

Бүгінде Қызылорда құрылыс алаңына айналды. Әсіресе көпқабатты үйлердің көптеп салынуы баспана мәселесінің шешімін табуына ықпал етуде. Бүгінде қалалықтарда күнде қоныстой десек артық айтқандық емес.

Қаланың өзегі инфрақұрылым екені белгілі, биыл жол сапасын дамытуда қала көш басында десек, артық айтқандық емес. Биылға жалпы ұзындығы 68,4 шақырымды құрайтын 29 жобаға (3 көпір, 26 жол) бюджеттен 17,9 млрд теңге бөлініп, қазіргі таңда 14 жоба аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған 15 жоба бойынша құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Облыс орталығының негізгі көшесінің бірі – «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылын жаңғырту жалпы екі кезеңнен тұрады. Қала күні қарсаңында екінші кезеңі де аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Сонымен қатар биыл қала аумағында 24,8 шақырым жаяу жүргіншілер жолы салынды. Аспалы көпір аталып кеткен Шиелі бағытындағы автомобиль көпіріне қайта жаңғырту қарқынды жүруде. Қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын Қызылжарма каналының үстінен өтетін автожол көпірі пайдалануға берілді. Қызылөзек ауылдық округіндегі «Қожақ каналы» арқылы өтетін көпір пайдалануға берілді. Сондай-ақ Жанқожа батыр көшесі бойымен өтетін теміржол асты өткелінің құрылыс жүруде.

Қызылорданы жасыл қалаға айналдыру мақсатында жаңа жобалар қолға алынуда.

Атап айтқанда, бес жылдық дендрологиялық жоспар қабылданып, оған сәйкес жыл сайын кемінде 15 мың түп ағаш пен бұта отырғызылады. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде «Қызылорда қаласының көгалдандыру және абаттандыру» жобасы жүзеге асуда. Жасыл желекті күтіп-баптау үшін «Hunter» технологиясына негізделген автоматты суару жүйесі енгізілген. Қаланы абаттандыруда да жүйелі жұмыс бар екені сырт көзге сезіледі. Биыл облыс орталығындағы мәдени және демалыс паркі қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар Қорқыт ата сквері де қайта жаңғыртылып, тұрғындар үшін демалыс орнына айналды. Ал қалалықтар тұңғыш Президент саябағының ашылуын асыға күтіп жүр. Себебі қайта жаңғыртудан өткен саябақ қала көркіне көрік қосып, соны серпіліс әкелмек. Саябақ жанынан жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ салынуда. Сонымен қатар инвестор қаражатына «Rixos» қонақ үйі, оның жанынан тоғыз қабатты 15 тұрғын үй бой көтеруде. Тағы бір атап айтарлығы, Президент саябағы мен Астана шағын ауданын байланыстыру үшін Сырдария өзені үстінен жаяу жүргіншілер көпірі салынбақ. Қаланың сәулеттік келбетін арттыра түсетін құрылыс қарқыны мұнымен аяқталмақ емес. Қазір қаланың орталығында да, шет аймағында да қайнаған тірлікті байқайсыз. Даңғыл жол, жаңарған ойын алаңдары, зәулім үйлер құрылысы, бәрі-бәрі де қаланың өркениетке ұмтылу жолындағы жүйелі жұмысының нәтижесі. Қазақ елінің астанасы болғанына ғасыр толған Қызылорда тәуелсіз қазақ елінің тарихында жазылар тағы бір тарихи басқосуға куә болмақ. Ел Президентінің бастамасымен Ұлттық құрылтайдың келесі отырысы Сырдың бас шаһарында өтпек. Бұл да қала тарихындағы ерекше сәттің бірі екені даусыз.

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**



# ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ

Ел Президентінің бастамасымен жүзеге асып келе жатқан республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы Сыр өңірінде қарқынды жүзеге асуда. Осы орайда бұл бастамаға мекеме ұжымдары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, волонтерлар мен жастар және қала тұрғындары белсене атсалысып, туған өлкенің тазалығы мен көркіне үлес қосып келеді. Бүгінде қала аумағында 33 сквер мен аллея және саябақтар орналасқан. Жөндеу жұмыстарын талап ететін саябақтар қайта жаңғыртылып, ел игілігіне берілуде. Жаңаша кейіпке енген нысанның бірі – Қорқыт ата саябағы.

Аймақ басшысының тікелей қолдауымен толықтай жаңғыртудан өткен саябақ бүгінде қайта жөндеу жұмысынан өтіп, келушілердің көз қуанышына айналды. Аумағы 39 мың шаршы метрді құрайтын демалыс орнында заманауи субұрқақ, спорт және ойын алаңдары салынды, сонымен қатар соңғы үлгідегі жарық шамдары орнатылды. Жобаны жүзеге асыруға 1 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалып, саябақтың келбеті түбегейлі өзгерді.

Қайта жаңғыртудан өткен «Қорқыт ата» мемориалды саябағының ашылуына ел ағалары, қоғам қайраткерлері, ардагерлер мен қала тұрғындары қатысты. Іс-шара барысында «Таза Қазақстан» бағдарламасына белсенді қатысып, қоршаған ортаны таза ұстауға үлес қосқан коммуналдық сала қызметкерлері мен саябақ жаңғырту жұмыстарын жүргізген мердігер мекеме мамандарына қала әкімінің Алғыс хаты табысталды.

– Сіздерді тарихы терең туған өлкеміздің ғасырлық тойы және «Қала күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен бұған дейін 6 млрд 500 млн теңгеге қалалық мәдени-демалыс паркі жаңғыртылып, халық игілігіне берілген еді. Қазіргі таңда 15 млрд теңгеге Президент саябағы қайта жаңалануда. Мұнда 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері бой көтеруде. Сондай-ақ саябақ аумағында 5 млрд теңгеге ботаникалық орталық салынуда, – деді Нұржан Сәбитұлы өз сөзінде.

Айта кету керек, жаңарған Қорқыт ата саябағы биылғы «Қала күні» мерекесі қарсаңында ашылған болатын. Бүгінде бұл демалыс орны қызылордалықтардың бос уақытын тиімді өткізіп, серуендейтін сүйікті саялы мекеніне айналып отыр.

# КӘСІПТІ ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ




**Қызылорданың ел астанасы болғанына 100 жыл толуы және қала күні мерекесі қарсаңында «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік кешені ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.**

– Үкіметтің шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында қолға алған бастамаларының бірі – шағын өнеркәсіптік аймақтар құру. Бұл жұмыс өңірімізде сәтті жүзеге асырылып, 1 млрд 52 млн теңгеге екі шағын өнеркәсіптік аймақ салынуда. Бүгін соның алғашқысы «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің бастамасымен салынған тамақ өнеркәсібі бағытындағы өнеркәсіптік аймақ кәсіпкерлер игілігіне берілмек. Жоба құны 526 млн теңге, мұнда 8 өндірістік цех іске қосылып, азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар шоғырланған. Кәсіпорындарда 50-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылып, тұрмыс-тіршілікке қажетті тауарлар өндіруде. Кәсіпкерлерге өз жұмысын бастауға «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жылдық 3 пайызбен 157 млн теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл – кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралардың нақты көрінісі.

Баршаңызды облысымыз үшін әлеуметтік-экономикалық тиімді жоба – «Тұмар» шағын өнеркәсіптік аймағының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл нысандар халықты сапалы жергілікті өніммен қамтамасыз етуге, шағын кәсіпкерліктің дамуына, салық базасының ұлғаюына елеулі үлес қосады деп сенеміз. Жобаны жүзеге асыруға атсалысқан инвесторларға, құрылысшыларға, барлық серіктес ұйымдарға алғыс білдіреміз. Жаңа нысандардың жұмысы табысты, өндірісі берекелі болсын! – деді аймақ басшысы.

# ЖАҢА КӨПІР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

**Биыл жаңа жобалардың жемісін тұрғындар көре бастады. Халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында қала ішіндегі басты жолдар жөделді. Сонымен қатар көпір құрылыстары да қарқын алды. Жоспарға сәйкес, Қызылөзек ауылдық округінде апатты жағдайда тұрған «Қожақ» автомобиль көпірі қайта жаңғыртудан өтті. Қала күні мерекесі қарсаңында жаңа көпір пайдалануға берілді.**

Ел игілігі үшін салынған нысанның ашылуына қала әкімі Нұржан Ахатов және ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

– Бұл көпірге жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы жиі айтылып келді. Сіздердің сол талап-тілектеріңіз бүгін орындалды. Аймақ басшысының қолдауымен облыстық бюджеттен 300 млн теңгеге жуық қаржы бөлініп, көпір қайта жаңғыртылды. Жаңарған көпір игіліктеріңізге қызмет етсін, – деді қала әкімі Н.Ахатов.

Салтанатты шарада жаңғырту жұмыстарын жүргізген мердігер мекеме «N Строй Сервис» ЖШС қызметкерлеріне қала әкімінің Алғыс хаты табысталды.



**Кейінгі жылдары Сырдың бас шаһары Қызылорда қаласында инфрақұрылым саласы мен халықтың өмір сүру сапасын арттыруға нақты қадам жасалуда. Жаңашыл жобалардың жемісін тұрғындар көре бастады. Атап айтсақ, соңғы екі жылда Қызылорда қаласында 140 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізілген. Сондай-ақ апатты үйлердің мәселесі шешімін табуда.**

# ЖОБАЛАР ЖЕМІСІ

Апатты үйде тұратындарға жаңа үйлерден баспана берілді. Сонымен қатар биыл қалада тоғыз, жеті, он екі қабатты үйлер қатары көбейді. Баспана кезегін күтіп жүрген тұрғындар жаңа дизаиндағы үйлердің игілігін көре бастады. Осыдан бір ай бұрын 280 пәтерлік 7 көпқабатты тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтар қоныстанған болатын. Ал қала күні мерекесі қарсаңында сол жағалаудан 320 пәтерлік 4 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Баспанаға қол жеткізгендердің басым бөлігі – көпбалалы отбасылар.

Халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында қала ішіндегі басты жолдар қайта жасалды. Атап айтатын болсақ, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төртжолақты болып кеңейтілді. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалынан бастап Гагарин көпіріне дейінгі 27,3 шақырым жол төрт жолақты болып салынды. Жол бойындағы Сыздық, Жаңадария, Ширкейлі каналдары үстіндегі 3 көпір қайта жаңғыртудан өтіп, төрт жолақты болып кеңейтілді. Бұл мақсатқа бюджеттен 23 млрд 962 млн теңге бөлінген.

Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржоласты автожол өткелінің құрылысына 4 млрд 700 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды. Одан бөлек әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық жол, Жаппасбай батыр магистралі жолдарына күрделі жөндеу жүргізілді.

Қала күні қарсаңында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылының екінші кезеңі аяқталды. Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңадан салынған автомобиль жолы жақында ел игіліне берілді.



АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№79 18 қазан, 2025 жыл

# Сырдың бас қаласы – Қызылорда!




«Апталықтың» коллажы

## ДАРЫНДЫ ЖАСТАР ОРДАСЫ

Бейбарыс сұлтан көшесі мен Н.Назарбаев даңғылының қиылысында орналасқан еңселі де сәулетті ғимарат алыстан менмұндалап тұр. Ғимарат іші бүгінде балаларға толы.

«Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы директорының міндетін атқарушы Жанар Бимұратқызының айтуынша, орталыққа балалардың қызығушылығы жоғары.

– Шығармашылық академия – дарынды жастардың ордасы. Қазіргі кезде білім беру жүйесі жаңа технологияларға, жаңа мүмкіндіктерге айналды. Заман талабына сай ойы ұшқыр, алғыр да зерек бала үшін мүмкіндіктер өте көп. Ал бұл орталық балаларға сол мүмкіндіктер есігін ашып берді, – дейді ол.

Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесі жаңа технологияларға, жаңа мүмкіндіктерге, шығармашылық шектеуі жоқ кеңістікке жол ашып отыр. Бұл мүмкіндікті жас өрендер тиімді пайдалануда. Түрлі бағытта үйірмелерге қатысып жүрген балалардың көзінен қуаныш сезімі байқалады.

– Академияда 7 жастан 17 жасқа дейінгі оқушыларды қабылдаймыз. Дегенмен әр үйірменің қояр талабы әртүрлі. Ғимарат 3 қабаттан тұрады. 6 бағыт бойынша 52 үйірме жұмыс істейді. Бір мезетте 500 бала, күніне 3000 бала осы жерде қосымша білім алады. Негізінен бассейн мен шахмат үйірмесіне сұраныс көп. Негізі орталыққа келген баланың кәсіби құзыреттілігі артады деген ойдамын. Себебі бұл жерде әрбір бала қай мамандыққа барғысы келетінін анықтауға мүмкіндік болады. Кәсіби бағдар беруді балаға 5-сыныптан бастаған дұрыс. Сондықтан да жоғары сыныпқа көшкен оқушылар өзінің мамандығын дұрыс таңдауға мүмкіндік болады. Алдағы уақытта дарынды балаларды әртүрлі конкурстарға, жарыстарға қатысу жоспарда бар. Бір бала екі үйірмеге қатысуға болады. Үйірмеге тіркелген балалар реттілік бойынша шақырылған, – дейді Жанар Бимұратқызы.

Үйірме жетекшілеріне нақты жоспар, бағыт-бағдар берілген. Сол бағытта баланың қабілетін тану мақсатында нәтижелі жұмыстар болады деген жоспар бар. Үйірмеге жазылу туралы ақпаратты әлеуметтік желі арқылы бақылап отыруға болады.

Аймақта өнерлі балаларды қолдау мақсатында мұндай орталықтың ашылуы қуантарлық жайт. Себебі өскелең ұрпақты тәрбиелеп, жақсы бағыт-бағдар беру – басты парыз.

## РУХАНИЯТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

**Күллі алаш жұртына алғашқы астана атануымен даңқы шыққан тарихы терең Сыр елі үшін ғасырдан жеткен жәдігерлердің орны ерекше. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің құнды жәдігерлерді, ұлттың ежелгі өркениетін танытудағы орны ерекше. Музейдің жаңа ғимаратқа көшіп, ел игілігіне табысталуы Сыр жұртшылығы үшін үлкен мәртебе, ерекше құрмет, тарихи сәт, айтулы күн. Қасиетті Сыр өңірі – астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын діңгегі.**




Заманауи жаңа ғимарат ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың ел астанасы болғанына 100 жылдық мерейтойына керемет тарту болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын беруі қызылордалықтарды қанаттандыратыны белгілі.

Айта кетейік, музейдің ерекшелігі – заманауи үлгідегі жәдігерлерді ерекше үлгіде ұсынатын сандық-мультимедиялық технологиямен жабдықталуы. Жаңа ғимаратта 250 мыңнан астам экспонатты сақтауға мүмкіндік бар. Ол дегеніңіз қазіргі музей қорынан үш жарым есе көп экспонатқа шақталған. Мұнда орта ғасырлар өркениеті, ғарышты игеру залы, балалар музей бөлмесі де бар. Экспозициялар 11 залда орналасқан. Онда аймақ пен ел тарихының даму кезеңінен бастап палентология, археология залы, қазақ хандығы дәуірі, этнография, өңір тарихы Алашорда мұрасы мен соғыс жылдары, мәдениет пен өнер, әлеуметтік-экономикалық даму, ғарыш тақырыбы және ел тәуелсіздігінің қалыптасу жылдары түгел қамтылған. Экспозицияны жан-жақты сезіну үшін жасанды интелект жүйесі, интерактивті LED экрандар жұмыс істейді.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі мамандарының айтуынша, жұртшылықты қызықтырғаны – палеонтология залы. Тағы бір ерекшелік, орта ғасыр өркениеті, ұлы Жібек жолының бойында Сыр өңірінің орналасуына орай «ортағасырлық өркениет» залы ашылғаны.

Шынында, сан ғасырдың құпиясын сақтаған жәдігерлердің мекені өңір тарихынан сыр шертетін тағылымды орынның бірі.



## ӨНДІРІСТІ ДАМЫТУДЫҢ ЖАРҚЫН ҚАДАМЫ

**Қала күні мерекесі аймақтың дамуы мен өркендеу жолындағы жаңа жетістіктермен тұспа-тұс келіп отыр. Соның айқын дәлелі – қалада заманауи үлгіде бой көтерген «Қызылорда-Нан» өндірістік кешені өз жұмысын бастады. Бұл – өңір экономикасына тың серпін берген, жергілікті тұрғындар үшін тұрақты жұмыс көзін ашқан өндіріс орны.**

Жалпы құны 5,6 миллиард теңге болатын жаңа өндірістік кешен – тек экономикалық маңызы бар нысан ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да маңызды жоба саналмақ. Кәсіпорын төрт заманауи өндірістік цехтан тұрады. Ал келер жылы екінші кезең бойынша ұн комбинатының құрылысы басталмақ.

Қазіргі таңда мұнда 120 адам еңбек етсе, болашақта бұл сан 170-ке дейін ұлғаяды деп жоспарланып отыр. Өндіріс орнында 80-ге жуық нан және кондитерлік өнім түрі шығарылады. Оның ішінде багет, батон, бөлке нан, булочка, печенье және түрлі макарон өнімдері бар. Заманауи технологиямен жабдықталған зауыт жылына 7 мың тоннадан астам сапалы өнім өндіре алады.

Мұндай ірі жобаның жүзеге асуына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді. Өндірістік нысанға 5 гектар жер телімі беріліп, толықтай инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар кәсіпорынға 1,2 миллиард теңге көлемінде жеңілдетілген несие ұсынылып, пайыздық мөлшерлемесі субсидияланды.

«Қызылорда-Нан» өндірістік кешенінің іске қосылуы – аймақ тұрғындарын сапалы отандық өніммен қамтамасыз етумен қатар, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Бүгінде қала келбеті көркейіп, жаңа кәсіпорындар мен әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бұл – Сыр елінің еңбекқор халқының табанды еңбегінің, тұрақты даму жолындағы қажырлы қадамының нақты көрінісі. Қызылорда тек тарихы бай шаһар ғана емес, болашағы жарқын, өндірісі өркендеген өңірге айналып келеді.

### МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ



**Биыл өңіріміз үшін бірнеше мерейтойды қатар атқару міндеті күн тәртібіне қойылды. Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кең көлемде аталып, халықтың рухын көтерді, игілік бастауы болды.**

## ЕҢБЕКПЕН ТҮЛЕГЕН ЕЛ КӨРІКТІ

Бұл даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор. Мемлекет басшысы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берген еді. Бурабайда өткен ұлттық құрылтайда мәртебелі жиынның 5-ші отырысын Сыр бойында, Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды.

Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Мұны Ел Президентінің өңірімізде атқарылған жұмыстарға берген оң бағасы деп түсінеміз.

Бүгінде облысымыз бен Қызылорда қаласында қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Соңғы 3 жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды.

2022 жылдан бері облысымызда жаңадан 15 мәдениет нысаны бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асқан Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы 2024 жылғы қарашада салтанатты түрде ашылды.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимаратының көк желегі қиылып, ел игілігіне берілді.

Сырдарияның сол жағалауында 11 мың көрерменге арналған жаңа стадионның ашылуы өтті. Салтанатты шара аясында футболдан ел кубогының финалдық матчы ұйымдастырылды.

Күні кеше «Қорқыт және ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық- музыкалық өнер фестивалі өтті. Дәстүрлі іс-шараға Түркия, Тыва, Алтай, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен және Қазақстаннан 200-ге жуық өнерпаз келді.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, қаламыздың көлемі бірнеше есеге ұлғайып, халқының саны өсті, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер, демалыс орындары, саябақтар, жаңа мөлтек аудандар мен көшелер пайда болып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артты.

Бұл – Сыр жұртшылығының «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған» ынтымағы, облыс әкімі бастаған іскер азаматтардың табанды жұмысы және инвесторлармен бірлесе атқарған еңбектің жемісі. Қас беті қалаға сән берген көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы» мен «Анаға тағзым» орталығы бой көтерді. Бұл орталықта ұлтымыздың құндылықтары дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз кеңінен насихатталуда. Ақ отауда ақжаулықты аналарымыз, ардагерлеріміз бен жастарымыз бас қосып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының демеушілігімен заманауи үлгідегі 350 орындық Оқушылар сарайы есік ашты. 2023 жылдың қазан айында Ел Президентінің қолдауымен Қызылорда қаласында «Aksa Energy» түрік инвесторы қолға алған құны 215 млрд теңге, қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы басталып, биылғы жылдың қазан айында іске қосылды. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы елімізде инвестор қаржысына салынған ең ауқымды жоба болып саналады.

Қызылорда қаласында түрік инвесторымен 4 млрд теңгеге жылына 94 мың адамды қабылдайтын «Orhun Medical» онкологиялық диагностикалық орталығы ашылып, халыққа медициналық қызмет көрсетуде. Құны 5 млрд 600 млн теңге болатын нан тоқаш, макарон, кондитерлік өнімдерді шығаратын «Қызылорда нан» зауыты іске қосылды.

Сонымен бірге алдағы уақытта атқарылар жұмыстың да қатары қалың.

Жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері салынуда. Бұл жерде жас өрендер дария жағалауында серуендеп, таза ауамен тыныстап демалады. Бойына күш-қуат жинап, көңіл сергітіп, білімін шыңдайтын ерекше орын болмақ.

Қаладағы Президент саябағы жаңғыртудан өтті. Кейбір кісілер саябақ өңдеуге қыруар қаржы жұмсаудың қажеті жоқ еді деген пікірде. Бұл саябақта 9 қабатты 15 тұрғын үй бой көтермек. Сондай-ақ ботаникалық білім беру орталығының ғимараты салынуда. Бақ ішінде Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкалық жасыл желектер егіледі.

Президент саябағы мен Астана шағын ауданын байланыстыратын құны 9 млрд теңге тұратын Сырдария өзені үстінен жаяу жүргіншілер көпірін салу жоспарлануда. Сонымен бірге, инвестор қаражатымен 20 млрд теңгеге бес жұлдызды қонақ үй бой көтермек. Әр нәрсені бір күндік емес, мың күндік өлшеммен ойлаған абзал. Бұл саябақ маңынан ертеңгі күнгі жайлы өмір бейнесі көзге келеді.

Айшықты іске толы аймағымызда, күн сайын келбеті сұлуланып келе жатқан Қызылордада атқарылып жатқан тынымсыз жұмыстарды бір мақала көлеміне сыйғызу қиын.

Біздің айтпағымыз, жүз жыл бұрын ел астанасы болған туған қаламыздың сол мәртебесіне сай бүгінгі бет бейнесі қуантады.

Қала көріктенген сайын сана тазарып, сол келбетке өзім де үлес қоссам екен деген жаңа ұрпақ өсіп келеді. Мұның өзі азаматтарымыздың жас буынды еңбекпен тәрбиелеуі, елдікке бастауы деп есептеймін.

**Әріп ХОЖБАНОВ,**
Қызылорда қаласының тұрғыны



## ЖАҢА СТАДИОН – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

**Қала күні қарсаңында аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру бағытында көптеген жоба жүзеге асуда. Соның ішінде қала тұрғындары үшін ең ауқымды нысандардың бірі – 11 мың орындық халықаралық деңгейдегі жаңа стадионның ашылуы.**

Жаңа спорт аренасы халықаралық стандарттарға толықтай сай салынған. Алаңның жасанды жабындысы арнайы Еуропадан әкелініп, FIFA және UEFA талаптарына сәйкестендірілген. Әлемдік стадиондардан еш кем түспейді. Жаңа стадион – тек футбол алаңы ғана емес, көпфункционалды спорт кешені. Мұнда бокстан бастап, дзюдо, грек-рим және еркін күрес, таеквандо, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, фитнес сияқты бағыттар қамтылған.

Ғимараттың бірінші қабатында спортшыларға арналған кең жаттығу залдары орналасса, екінші қабатында әкімшілік және техникалық бөлмелер бар. Үшінші қабат баспасөз конференциялары мен түрлі жиындарға арналған заманауи зал ретінде жабдықталған.

Бұл кешеннің басты ерекшелігі – халықаралық деңгейдегі футбол матчтарын өткізуге ресми рұқсат алуы. Бұл дегеніміз, енді Сыр өңірінде елдік, тіпті әлемдік спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға толық мүмкіндік бар.

Қызылорданың ғасырлық мерейтойымен тұспа-тұс салынған бұл стадион – өңір спортының жаңа тынысына дем берді. Қала бүгінде мәдениет пен спортты қатар дамыту арқылы елдің еңсесін көтеріп, жаңа дәуірге нық қадам басуда. Мерейтой жылы аясында ашылған әрбір жаңа нысан – Сыр елінің серпінді дамуының көрінісі саналмақ. Қала күні мерекесінде тұрғындар жаңа стадионда өнер жұлдыздарының концертін тамашалады.

Бетті әзірлеген **Г.ҚОЖАХМЕТОВА,**
**А. АЙТЖАНОВА,**
**А.БАХТИЯР**

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ



## ДӘЛ БҰЛАЙ БОЛАР ДЕП ҚИЯЛДАП КӨРМЕППІН…

Шынымды айтсам, Қызылорданы дәл осындай көркем, еңселі, жарқын кейіпте елестетемін деп ойламадым. Біздегі арман мен қиялдың өзі бүгінгі Қызылорданың келбетімен теңесе алмайды. Дәл бұлай болар деп қиялдап көрмеппін... Күн сайын қала жаңарып, түлеп, адам танымастай өзгеріп барады. Әлеуметтік маңызы бар нысандардың бірі ашылса, іле-шала екіншісі бой көтереді. Тіпті ашылған нысан санынан шатасып қаласың. Жаңадан бой көтерген, ел игілігі үшін жұмыс істейтін нысандарға таңырқай қарайсың. Құрылысшылардың қарқыны бір бөлек әңгіме. Күннің суығына, аптап ыстыққа қарамай, қаланың сәнін кіргізер ғимараттарды жан аямай салып жатыр. Бір апта сыртқа шығып кетсең болғаны, қайта оралғанда Қызылорданды танымай қаласың. Қай көшеден өтсең де жаңа тыныс, жаңа леп, жаңа серпін сезіледі. Бұрындары мұндай келбетті көру тек арман еді. Алпысыншы, жетпісінші жылдары осында өмір сүрген аға буынның өзі: «Біз кезінде мұндай көрікті қаланы тек қиялдағанбыз», – деп таңдай қағады. Қазір тіпті өзге облыстардың делегациялары келіп, Сыр еліндегі құрылыс қарқынынан тәжірибе алып, үйренуде. Бұл – жай ғана ғимараттар емес, өңірдің өркендеуге деген ұмтылысының дәлелі. Қазір Сыр еліне аспаннан көз салсаң да, көлікпен араласаң да, тіпті жаяу серуендеп өтсең де қаладағы үйлесім мен әсемдік тамсантпай қоймайды. Жолдары тегіс, көшелері тап-таза. Бұл – біздің Қызылорда. Бұл – жаңа заманның жаңа деңгейіне көтерілген, жарқыраған, жасампаз қала. Бұл – сан ғасырлық тарихтың тоғысқан мекені, тарихқа куә болған қала.

**Дәурен СЕЙІТЖАНҰЛЫ,**
«Adal Adam» YouTube арнасының жетекшісі





# «МЕН СҮЙЕТІН БІР ҚАЛА БАР...»

**Қызылорда – талай ақын мен сазгерге шабыт берген қасиетті өлке. Сырдың сұлу табиғаты мен жомарт мінезін әнге қосып, халық жүрегіне жеткізген туындылар аз емес. Бұл – туған жерге деген сағыныштың, сұлу Сырға деген шексіз махаббаттың көрінісі. Биыл Қызылорданың астана болғанына жүз жыл толып отыр. Сан ғасырлық тарихында бұл өңірді жырлаған, Сыр сұлулығын өлеңмен өрнектеген ақындар аз болған жоқ. Уақыт өткен сайын талғам өзгерсе де, Қызылорда туралы әндер тыңдарман жүрегінен ешқашан өшкен емес. Себебі бұл әндер жүректен-жүрекке жеткен шынайы туындылар. Осы орайда, Қызылорда туралы есті әндерге шолу жасадық.**











Уақытында тыңдарманның ыстық ықыласына бөленген туындылардың бірі – «Қызылорда вальсі». Бұл әннің әуені естілсе болғаны, Қызылорданың әр тұрғынының жүрегін мақтаныш сезімі кернейді. Тіпті бұл ән Сырдың бейресми гимніне айналған екен. Еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін әннің әсем әуезін жатқа біледі. Туған жер жайлы сыр шерткен ақынның бірі – Махмұтбай Әміреев. Ақынның есімі аталса, елдің есіне алдымен «Қызылорда вальсі» түседі. Қанша уақыт өтсе де, бұл есті ән әлі де ұмытылған емес.

«Баулары жайқалған қызыл алма,
Бақтары жайқалған қызыл ол да…»

деген жолдармен басталатын ән жолдары Қызылордаға деген мақтаныш сезімін оятады. Бұл әнді естігенде алыстағы ауыл баласы да қиялына ерік беріп, дария жағасындағы көрікті қаланы елестетіп, бір сәт тұңғиыққа батады. Әннің құдіретін айтсаңызшы. Туған жерге деген махаббатты оятып, әнге жан бітіреді. Барша жұртты тамсандырып жүрген бұл ән көрікті қаланы көруге ынтықтырып, өзіне ғашық еткен екен.

Бұл әннің тарихы бір дәуірдің куәсі дерсіз. Ақынның естелігінен білгеніміздей, бұл өлең студент кезінде жазылған екен.

– 1962 жылдың күзі еді. Қызылорда пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті және ән факультетінің үшінші курсында оқимын. Сол кездері күріш орағында көмекте болып келген студенттерге төрт-бес күн демалыс берген кезі еді. Ескі базар маңында ауылға кететін автобусты күтіп тұр едім. Ұстазым, сазгер Тәңірберген Қалауовпен кездесіп ұалдым. Сол жерде ол жаңа жазған әуенін айтып, сөзін маған жазуға ниетін білдірді. Әннің атын әзірге «Қызылорда жастарының жыры» деп қойыпты, – деп жазады ақын.

Осылайша, дария жағасындағы қала туралы әннің алғашқы жолдары жол үстінде туған. Жас ақын ауылға кетіп бара жатып, Қызылорданың көрінісін ой-елегінен өткізіп, өлеңнің әр жолын іштей жазып отырады.

– Көз алдыма қала бейнесі келеді. Бір-біріне жапсарлас салынған жатаған үйлер. Жеке қоралар. Асфальтсыз тар көшелер. Шымбай, Шанхай деп аталатын жақтары өзіміздің ауыл кейпіндегі көрініс. Тіпті бірлі-жарым екі қабатты үйлер орталық көшелерде ғана бар. Қырық сегіз пәтерлі дейтін төрт қабатты үйлер қала сыртында енді бой көтеріп жатыр. Енді бау, бақтарды, көше бойларындағы тал-теректерді еске түсіремін. Осылардан сұлулық іздеймін. Көше бойларында түзу, жиі өскен теректерді ақ қайыңдарға балаймын, – дейді ол.

Сөйтіп, Қызылордаға деген махаббат пен дарияның үндестігінен алғашқы шумақ өмірге келді:

«Шалқыған шаттық әні бақтарында,
Бөленген көшелері ақ қайыңға.
Дарияның жағасында бір қала бар,
Айналған Сыр елінің мақтанына…»

Ол кезде Қызылордада ірі зауыт, зәулім ғимарат көп емес еді. Тіпті жоқ деуге болады. Бірақ жас ақын үшін қала қашанда сұлу кейіпте еді. Міне, осылайша, «Қызылорда вальсі» дүниеге келді. Әуелі бұл әнді жас әнші Зина Рысбаева орындады. Бірақ әнді жұртшылық жылы қабылдай қоймады. Ал 1963 жылдың жазында, облыстық көркемөнерпаздар байқауында талантты әнші Сәбит Жаңабаевтың орындауында шырқалған сәтте халық дүр сілкінеді. Зал дүркірете қол соғып, әнді үш мәрте айтқызды. Сол сәт – «Қызылорда вальсінің» жұлдызы жарқыраған сәті еді. Кейін бұл ән «Лениншіл жас» газетінде жарияланып, республикаға кеңінен тарап, Сырдың әнұранына айналды. Жылдар өтті, заман өзгерді, қала да түрленді. Бірақ қай уақытта, қай жерде айтылса да, «Қызылорда вальсінің» әуені ел жүрегінде жаңғырып тұрады. Қазір өлең жолдарында өрілгендей, ақын көзіне елестеткендей дария жағасы келбеті келіскен әсем ғимараттарға толы. Яғни, ақын қиялы шындыққа айналды.

Тағы бір туған жер тақырыбы арқау болған ән белгілі ақын-композитор Елена Әбдіхалықованың «Сыр елім» атты туындысы.

«Сыр елім менің,
Жыр елім менің,
Түлеткен тұлпар,
Түбегім менің»,

деген жолдар перзенттік сүйіспеншіліктің, туған жерге деген сағыныштың үні іспетті. Бұл әнде тек әуен ғана емес, тұтас Сыр өңірінің рухы мен тектілігі жатыр. Шынында да, тұлпарды да, тұлғаны да түлеткен мекен – Сыр елі.

Сондай-ақ ақын Сейтмұрат Ембергеновтің сөзіне жазылған, композитор Рамазан Таймановтың «Қызылорда – туған жерім» атты әні де халықтың сүйіспеншілігіне бөленген әндердің бірі. Әнші Мәдина Сәдуақасованың орындауында бұл ән тіпті бөлек.

Туған өлкеге арналған тағы бір әсем туынды – Төреғали Төреәлінің орындауындағы «Сыр елім» әні.

«Алтын бесік деп білемін,
Тектілік тұнған түбегім.
Жыр-әннің елі, Тұранның төрі,
Жасай бер, жайна, – Сыр елі!» деп басталатын өлең жолдары қандай керемет десеңші. Иә, Сыр елі – тектілік тұнған, ізгілікке толы мекен. Тіпті, туған жерге деген махаббатты бір өлеңге сыйдыра алмасымыз сөзсіз.

Соңғы жылдары жарық көрген жаңа туындылар да тыңдарман ықыласына бөленіп жүр. Солардың бірі – ақын Елжас Әбділдә мен композитор Жарасхан Төлебайдың «Біздің Қызылорда» атты әні. Бұл ән қысқа уақытта-ақ жүректен-жүрекке жетті.

«Тау жоқ десең даласында,
Тау мінез бар баласында.
Мен сүйетін бір қала бар,
Сырдария жағасында…» –

деп басталатын бұл өлең жолдары Қызылорданың көркем келбетін ғана емес, ел мінезін де айшықтайды.

Ал бүгінгі таңда Қызылорда туралы заманауи бағыттағы әндер де көптеп жазылуда. Солардың бірі – жастар арасында кеңінен танылған хип-хоп жанрындағы «Стиль таза Қызылорда» әні. Әлеуметтік желілерде 8 миллионнан астам қаралым жинап, TikTok пен Instagramның хитіне айналды.

«Біз жақта тау жоқ,
Бірақ тау қопаратын браттар бар.
Біз жақта тал жоқ,
Бірақ тал шыбықтай қыздар бар», – деген өлең жолдары жастардың аймаққа деген мақтаныш сезімін оятты.

– Бұл ән арқылы Қызылорданы көпшілік жаңа қырынан таныды. Бұрын «Қызылорда қандай қала?» деп сұрайтындар көп еді. Қазір, керісінше, қызыға қарайтын болды. Бұл туынды біздің өңірдің брендіне айналды, – дейді тыңдарман Әйгерім Отарбай.

Әнде Қызылорданың әр ауданы ерекше мақтанышпен сипатталады.

«Менің стилім Аққұм, стилім Жосалы,
Байқоңырдан ғарышқа қойдық жол салып.
Менің стилім Төретам, стилім таза бастама,
Стилім Қармақшы, стилім алғашқы астана»

– Бұл өлеңде тек Қызылорда ғана емес, аудандарда ерекше мақтанышпен айтылған. Осы өлең арқылы аудандарды таныдық. Жастар жатқа білетін ән, – дейді Аймереке Ахатова.

Иә, заман өзгереді, әуен түрленеді. Бірақ туған жерге деген сүйіспеншілік ешқашан өзгермейді. Ән болып шырқала бер, Қызылорда!

**Айдана БАХТИЯР**

# САЯБАҚ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНБЕК

Президент саябағы қаланың ең көрікті орындарының біріне айналмақ. Бұл жердегі айшықты ғимарат – бесжұлдызды «Rixos» қонақ үйі. Инвестор қаражатына бой көтерген «Rixos» қонақ үйінің құрылысын «Altyn Gimarat» ЖШС жүргізуде. Қонақ үйде 150 нөмір, мейрамхана, саябақ аймағы, автотұрақ болады. Жанынан тоғыз қабатты 945 пәтерлік 15 тұрғын үй салынуда.

Бас мердігер «Bi Global» ЖШС жобасы бойынша 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, 7 демалыс аймағы, 4 фудкорт, теннис үстелдері, айналмалы дөңгелек аттракцион, асхана, би алаңы, стритбол, вело, жүгіру жолағы, сахна, саябақ ішінде сарқырама, үстінен көпір орнатылмақ. Мұнан бөлек шахмат, баскетбол, футбол алаңы, арқан саябағы, модульдік-санитарлық ғимарат салынбақ.

Жасыл желегімен көрікті саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ егіліп, келушілерге ерекше көңіл-күй сыйламақ .

«Alem Qurylys AQ» ЖШС-ның жоспарында лагерьде спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, 4 тұрғын аумақ, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі үлгідегі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңын, сахна және басқа да демалыс орнын салу қарасытырлған.

Ең ғажабы, Президент саябағы мен «Астана» шағын ауданын байланыстыру үшін Сырдария өзені үстінен жаяу жүргіншілер көпірі түспек. Осылайша Президент саябағы жаңа сәулеттік бейнесімен, қысқы суықта да мәңгі жасыл желегімен, ондағы ғажап тропикалық ағашымен келушілерді құшақ жая қарсы алмақ.

**Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ**




# Жарқырай бер, ҚЫЗЫЛОРДА!






Көп күттірмей, қала күні мерекесіне арналған концерт те басталды. «Дария төсіндегі дархан дала Қызылорда – талай тарланбоздар түлеп ұшып, Сыр өңірінің ғана емес, тұтас елдің мақтанышына айналған қасиетті мекен!» – деп кеш жүргізушісі Мәдина Сәдуақасова қалалықтарды бір серпілтіп тастады.

Мерекелік кеште сөз алған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев барша жұртшылықты Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл толуымен тұспа-тұс келген қала күні мерекесімен құттықтап, Сыр өңірінің бүгінгі күнге жеткен жетістіктеріне тоқталып, елге береке-бірлік тіледі.

Айта кетелік, мерекелік кештің тосын сыйы аз болған жоқ. Соның бірі – Қызылорда аспанын Сыр нақыштарымен көмкерген дрондар шоуы. Тұрғындарды әдемі әсерге бөлеген көріністен соң Сыр перзенті, ақын-композитор, әнші Елена Әбдіхалықова бастаған өнер жұлдыздары ән шырқап, қалалықтарға тамаша мерекелік көңіл-күй сыйлады.

**Г.МҰРАТ**

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3978 Тапсырыс №1773

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА